

## Үнсіз батырлар дәуірі

Бүгінгі әлем айқайлағандардың емес, үнсіз әрекет ететіндердің қолында қалыптасып жатыр. Адамзат тарихына қарасақ, ең үлкен өзгерістер кейде ұрандардан емес, қарапайым адамның ішкі шешімінен басталған. Бір адам шындықты айтуды таңдады, бір адам әділетсіздікке қарсы тұрды, бір адам өз ісін адал атқарды. Міне, дәл сол сәтте тарих бағытын өзгертетін кішкентай, бірақ маңызды қадам жасалды.

Біз көбіне батырларды өткен ғасырлардан іздейміз. Қылыш ұстаған, атқа мінген, ел қорғаған тұлғаларды елестетеміз. Бірақ бүгінгі заманның батырлығы мүлде басқа. Бүгін батыр болу – шу шығармай еңбек ету, ешкім көрмесе де адал болу, бәрі оңай жолды таңдағанда қиын жолдан таймау. Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ қоғамды ішінен ұстап тұрған ерлік.

Қазіргі қоғамда жылдамдық бәрінен жоғары қойылады. Адамдар асығады, жарысады, бірін-бірі басып озуға тырысады. Бірақ осы қарбаластың арасында бір нәрсе жиі ұмытылып кетеді: мән. Біз көп нәрсеге үлгереміз, бірақ не үшін үлгеріп жатқанымызды түсінбей қаламыз. Ал адам өмірінің ең үлкен трагедиясы – шаршау емес, мағынасыздық. Шынайы құндылықтар әрқашан тыныш болады. Адалдық айқайламайды. Парасат өзін жарнамаламайды. Терең ой көпшілік алдында дабыра көтермейді. Бірақ дәл сол қасиеттер қоғамның негізін құрайды. Егер адам бойындағы осы үнсіз құндылықтар жоғалса, онда ең дамыған мемлекет те ішінен босап қалады. Әлемді өзгертетін адамдар көбіне өздерін ерекше санамайды. Олар тек бір нәрсені түсінеді: әрбір іс – жауапкершілік. Мұғалім сыныпқа кіргенде ол тек сабақ бермейді, ол болашаққа әсер етеді. Дәрігер науқасты қабылдағанда ол тек емдемейді, ол бір отбасының үмітін сақтайды. Журналист бір сөйлем жазғанда ол тек мәтін құрмайды, ол қоғамның ойына ықпал етеді. Әрбір мамандықтың артында көзге көрінбейтін, бірақ үлкен салмақ бар. Біздің заманымыздың ең үлкен мәселесі – ақпараттың көптігі емес, терең

03/30/2026 13:01

ойдың аздығы. Біз бәрін білеміз, бірақ бәрін түсінбейміз. Көп сөйлейміз, бірақ аз ойланамыз. Ал шынайы даму – дәл осы ойланудан басталады. Себебі сұрақ қоя алатын адам ғана алға жылжиды. Кейде адамдар: «бір адамның әрекеті не өзгертеді?» – деп сұрайды. Бірақ тарихқа қарасақ, дәл бір адамның шешімі тұтас қоғамның тағдырын өзгерткен сәттер аз емес. Бір идея, бір батыл сөз, бір дұрыс таңдау – кейде ғасырларға әсер етеді. Сондықтан әр адамның өмірі ұсақ емес. Ол – үлкен суреттің маңызды бөлігі. Адамның шынайы күші оның атағында немесе байлығында емес. Оның күші – ішкі тұтастығында. Егер адамның сөзі мен ісі бір болса, егер ол қиындық кезінде де принциптерінен таймаса, онда ол қоғамға сенім сыйлайтын тұлғаға айналады. Ал сенім – кез келген елдің ең қымбат капиталы. Бүгінгі ұрпақтың алдында үлкен таңдау тұр. Олар екі жолдың бірін таңдай алады: жеңіл өмір мен терең өмір. Жеңіл өмір – жылдам табыс, үстірт ой, уақытша атақ. Ал терең өмір – ізденіс, жауапкершілік, ұзақ жол. Біріншісі жарқырайды, бірақ тез өшеді. Екіншісі тыныш көрінеді, бірақ ұзаққа жарық береді. Шынайы тұлға болу – бір күнде қалыптаспайды. Бұл – мыңдаған кішкентай таңдаулардың нәтижесі. Әрбір қиын сәтте адам өзіне сұрақ қояды: мен кімін? Мен не үшін өмір сүріп жүрмін? Осы сұрақтарға шынайы жауап берген адам ғана өз жолын табады. Бәлкім, әлем бізді бірден байқамайтын шығар. Бірақ бұл маңызды емес. Себебі ең үлкен өзгерістер көпшіліктің назарынан тыс басталады. Адам да дәл солай. Егер ол өз тамырын – білімін, адамгершілігін, мақсатын – тереңдетсе, онда оның өмірі бір күні өзгелерге көлеңке емес, сая болатын ағашқа айналады.

Сондықтан бүгінгі заманның ең үлкен батырлығы – өз жолыңнан таймау. Көпшілік қайда бұрылса да, өз ар-ұжданыңның дауысын тыңдай білу. Себебі уақыт өте келе айқай басылады, атақ ұмытылады, ал адамның шынайы болмысы ғана қалады.

Автор: Беделбай Талига